

Түркістан облысы Қазығұрт ауданының адами әлеуметтік дамыту бөлімі  
мемлекеттік мекемесі «Алтын сақа» бөбекжай – балабақшасы МКҚҚ



Бекітімін  
Балабақша ментерушісі  
R. Қаламбаева

## «Құтты болсын Жана жыл»

«Балапан» кіші тобы

Тәрбиешілері: Нұрымбетова А.  
Шаханова Н.  
2021-2022ж.

## Кош келдің, Жаңа жыл

Тақырыбы: Кош келдің, Жаңа жыл!

Откізілетін күні: 28 жеселтоқсан

Откізілетін уақыты: Сағат 11.00

Мақсаты: Жаңа жыл мерекесінің маңызын үйрету.

Қатысатындар: Жүргізуі, Аяз ата, Ақшақар, сиқырши, аю, қоян, клоун.

Жүргізуі: Құрметті ата-аналар, қонақтар, «Балапан» тобының кішкентай бүлдіршіндеріміз, сіздерді келе жеткән Жаңа жыл мерекесімен шын жүргегімізден құттықтаймыз! Жаңа жыл әрбіріңіздің отбасыңызга жаңа нұр, жаңа шуак, табыс пен береке, қуаныш пен мереке алып келсін дейміз.

Балалар әндептін, қол ұстасып кіреді. Шенберге тұрады.

Жүргізуі: Балалар, біз барлығымыз жаңа жыл мерекесін тойлауга жиналдық. Бүгін біздің мерекемізге кім келеді?

Жүргізуі: Балалар, енді Аяз ата мен Ақшақарды шақырайық.

Балалар : Аяз ата!

Жүргізуі: Дұрыс балалар, ал Аяз ата не әкеледі?

Балалар: Сыйлықтар.

Жүргізуі: Балалар, енді Аяз ата мен Ақшақарды шақырайық.

Сол кезде Адина жүгіріп ортага таппагын айтады.

Сылдыр-сылдыр қоңырау,

Сыңғырла да, сыңғырла!

Ертегі енді басталсын,

Ақшақар келсін ортага!

Барлығы бірге: Аяз ата мен Ақшақар!

Музыка. Аяз ата мен Ақшақар кіреді.

Аяз ата: Амансыңдар ма, балақайлар? Мен сендерге асыға келдім, ау!

Карасам бойларың да өсіп қалыпты гой.

Жүргізуі: Аяз ата, біздің сізге дайындаған өнеріміз бар.

Аяз ата: Ау, қызыым Ақшақар, тыңдан көрейік пе?

Ақшақар: Иә.

Тақпақтар:

1. Арсен:

Аспан жерге төгеді,

Ақ күмісін уыстап.  
Жаңа жылда келеді,  
Бізге қарай жылыстан.

2. Жаперке:

Өлең де әзір, ән әзір,  
Ойын да әзір, бәрі әзір.  
Кел, жаңа жыл, біздерге,  
Кел, жаңа жыл, жаңа жыл.

3. Адина:

Көрсін біздей балғынды,  
Коңілденсін ол енді.  
Шырқатайық ән жырды,  
Шырқатайық олеңді.

4. Асылжан:

Далаң қар борайды,  
Ақ мамыққа орайды.  
Мұз болады қатады,  
Жып-жылтыр боп жатады.

5. Ақсезім:

Жаңа жылдың таңы неткен арайлы,  
Ақ мамықа бөлеп алды маңайды.

**Барлық балалар:**

Жаңа жылмен құттықтаймыз бәріңді,  
Бақыт, шаттық, молшылық пен тыныштық,  
Бәрімізге әкелсін мына арай жыл.

**Аяз ата: Балалар өнерлері жақсы екен.**

**Музыка. Қоян секіріп келеді.**

**Қоян:** Ой, балалар, мені құтқарыңдары. Ол мені жеп қоямын дейді.

**Жүргізуі:** Кім сені ренжістті, сен кімнен қорқып отырсың?

**Қоян:** Кім болушы еді – қасқыр! Мен естігенмін, ол жаңа жыл мерекесінде мені қуырып жеймін дейді.

**Жүргізуі:** Сен бізben бірге жүр, ешкімнен қорықпа, біз барлығымыз қосылып қасқырдан сені құтқарамыз. Ал қазір бізге қыздар тамаша би дайындауды. Бәріміз бірге билейік.

**Қоян:** Мениң де билегім келіп тұр, билесек билейік,

Би «Буратино».

Би біткен соң қасқыр келеді. Барлық жерді ііскеп, тістеп.

**Жүргізуі:** Мынау кім екен?

Қасқыр: Кім дегенің қалай? Ол ең әдемі, ең батыр, ең мықты, ең шапшан ол мен –қасқыр.

Жүргізуі: А.....солай ма? Осында қалай келіп қалдың?

Қасқыр: Мен жаі жүрміп, сендердің мерекелеріне әдейлеп келдім. Ал сендер қоянды корген жоқсыңдар ма?

Жүргізуі: Ал сен оны қайтейіп деп едің?

Қасқыр: Жай, менің қарным ашты (қарнын сипайды), ой айтып қойдым гой.

Жүргізуі: Қасқыр, саган ұят емес не? Сен неге оны қуалайсың?

Қасқыр: Мен бәрібір оны жсеймін.

Қоян: Қасеке, сен мені жсеме, менің саган деген мерекеге арналған сыйм бар.

"Көңілді құрбақалар" би

Қасқыр: Ой, қоян, сыйлығыңа рахмет, менің көңілім көтеріліп қалды. Мен саган енді тиіспеймін.

Жүргізуі: Балалармен "Қарды жинаймыз" "оыйнын ойнатамыз.

Ақшақар: Аяз ата, балалардың өнерлері қандай тамаша, тағы қандай өнерлерің бар, балалар, біздің көргіміз келіп тұр.

Аяз ата. Иә, Ақшақар, дұрыс айтасың.

Шыриша әні.

Жүргізуі: Балалар, бүгінгі мереке сендерге ұнады ма?

Аяз ата: Бізді басқа жақта балалар тосып қалды. Бізге кету керек.

Жүргізуі: Ендеши Аяз ата мен Ақшақарга сау бол айтайық.

Бәрі бірге: Сау бол Аяз ата, Ақшақар! Рахмет!

Жүргізуі: Осымен біздің жаңа жылғы мерекеміз аяқталды.

Бәріне сыйлықтар таратылады.